

**Шығыс Қазақстан мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға және сенімді басқаруға беру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі N 558 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 15 қазанда N 2536 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 03 мамырдағы N 88 қаулысымен

**Сноска. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011.05.03 N 88 қаулысымен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік мекемелердің теңгеріміндегі Шығыс Қазақстан мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға (жалдауға) беру жөніндегі нұсқаулық;

2) 2-қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлкін, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру жөніндегі нұсқаулық;

3) 3-қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін сенім білдірілген басқаруға беру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Аудандар, қалалар әкімдеріне мемлекеттік аудандық (қалалық) коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға, сенімді басқаруға беру шарттарын осы қаулының 1-тармағында аталған Нұсқаулықтар негізінде белгілеу ұсынылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.С. Әбденовке жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Б. Сапарбаев*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2010 жылғы «14» қыркүйектегі  
№ 558 қаулысына 1 қосымша  
Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2010 жылғы «14» қыркүйектегі  
№ 558 қаулысымен бекітілген

**Мемлекеттік мекемелердің теңгеріміндегі Шығыс Қазақстан мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға (жалдауға) беру жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық облыстық коммуналдық мемлекеттік мекемелер теңгеріміндегі облыстық коммуналдық меншік объектілерін (бұдан әрі - Объект) мүліктік жалға (жалдауға) беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдануды нақтылайды.

2. Тарих пен мәдениет ескерткіштері болып табылатын, жергілікті маңызды санатына жатқызылған ғимараттар тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану жөніндегі құзыретті мемлекеттік органымен оларды қолдану және пайдалану шарттары келісілген жағдайда мүліктік жалға (жалдауға) беріледі.

3. Мемлекеттік мекемелер теңгеріміндегі облыстық коммуналдық меншік объектілерін, олардың ведомстволық тиесілігіне қарамай, мүліктік жалға (жалдауға) беруді облыстық коммуналдық меншікті басқаруға әкімдікпен уәкілеттік берілген, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган объектінің балансұстаушысының (бұдан әрі - Жалға беруші) келісімі бойынша жүзеге асырады.

4. Мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты, оның талаптарын тиісінше орындағанда ұзартылу құқығымен үш жылдан аспайтын мерзімге жасалады.

5. Егер де мемлекеттік коммуналдық меншіктің жеке объектілерін жалдау ақысының ставкасы мен мүліктік жалға беру шарттары Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілсе, онда Үкіметпен бекітілген Ереже қолданылады.

**2. Кейіннен сатып алу құқығынсыз объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) берудің шарттары**

6. Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) алуға арналған өтінімдерді облыстық коммуналдық мемлекеттік мекемелерден басқа кез келген заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі - Жалдаушы) беруі мүмкін. Өтінімдер Жалға берушіге беріледі.

7. Келіп түскен өтінімдерді қарау және олар бойынша шешім қабылдау бір ай

мерзімде

өткізіледі.

8. Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы келіп түскен өтінімдер  
мынадай құжаттар:

- 1) Объектіге қажеттіліктің техникалық-экономикалық негіздемелері;
- 2) құрылтай құжаттардың көшірмесі (заңды тұлғалар үшін);
- 3) өтініш берушінің тұлғасын куәландыратын құжат көшірмесі (жеке тұлғалар үшін) болғанда қаралады.

9. Жалға беруші өтінімді және ұсынылған құжаттарды қарастырудың нәтижелері бойынша мынадай:

- 1) Объектіні мақсатты пайдалану бойынша мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы;

- 2) осы Объект бойынша Жалдаушының тендерлік іріктеуін өткізу туралы;
- 3) себептерін жазбаша көрсете отырып объектіні мүліктік жалға (жалдауға) беру немесе бас тарту туралы шешімдердің біреуін қабылдайды.

Өтінішкерлерге қойылатын талаптарды қанағаттандыратын екі не одан көп өтінім болса, Объект мүліктік жалға (жалдауға) тендердің қорытындылары бойынша ғана берілуі мүмкін.

10. Мақсатты пайдалануы бойынша Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының есептік ставкалары аймақтық жағдайларды ескере отырып анықталады және «Шығыс Қазақстан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша облыстық коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті атқарушы орган бекітеді.

11. Жалға беруші тендер өткізу туралы шешім қабылдау кезінде:

- 1) тендер өткізілетін күн мен орнын, оның шарттарын, сондай-ақ тендер жеңімпазын таңдау өлшемдерін анықтайды;
- 2) тендерлік құжаттаманы бекітеді;
- 3) тендерлік комиссияны қалыптастырады;
- 4) кепілдік жарналарды қабылдайды;
- 5) тендерлік комиссия отырыстарының хаттамаларын бекітеді;

б) тендер жеңімпазымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасуды қамтамасыз етеді;

7) тендер аяқталғаннан кейін, осы Нұсқаулықтың 26-тармағында белгіленгеннен басқа жағдайларда, тендерге қатысушыларға кепілдік жарналарды қайтарады.

12. Тендерлік комиссия тендерді ұйымдастырушы болып табылады.

13. Тендерлік комиссияның құрамына Жалға берушінің, баланс ұстаушының, өзге де мүдделі ұйымдардың өкілдері енгізіледі, сондай-ақ тәуелсіз мамандар мен

сарапшылар қатыстырылуы мүмкін. Жалға берушінің өкілі Комиссияның төрағасы болып табылады.

14. Комиссияның құрамы Жалға берушінің бұйрығымен бекітіледі.

15. Тендерлік комиссия мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) Жалға беруші белгілеген мерзімде және олар ұсынған Объекті туралы деректер негізінде тендердің шарттарын әзірлейді, олардың негізгісі мақсатты бағыты бойынша мүліктік жалдау (жалға беру) кезінде ұқсас объектілер үшін белгіленген жалға беру ақысының ставкасынан төмен болмайтын жалға беру ақысының ең төмен ставкасы болып табылады;

2) тендерлік құжаттаманы және тендер жариялау үшін басқа да қажетті құжаттарды дайындайды;

3) тендер өткізеді;

4) қажет болған жағдайда тендерлік және басқа да қажетті құжаттаманы дайындау, өтінімдерді жинау және талдау бойынша жұмыстарды жүргізу жөніндегі мамандар мен сарапшыларды тартады;

5) тендерлік комиссия отырысының тендер қорытындылары бойынша тендер жеңімпазын анықтаған тұжырымы немесе өзге де шешім бар хаттамасын ресімдейді.

16. Жалға беруші тендер құжаттамасының нақты құрамын және дайындаудың шарттарын анықтайды.

17. Жалға беруші мемлекеттік және орыс тілдерінде тендер өтуіне дейін кемінде 15 күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында тендер өткізу туралы хабарламаның жариялануын қамтамасыз етеді.

18. Тендер өткізу туралы хабарламада мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) тендер объектісінің қысқаша сипаттамасы;

2) мүліктік жалдың (жалдаудың) мерзімі;

3) кепілдік жарнаны енгізудің мерзімдері, мөлшері;

4) тендердің шарттары және жеңімпазды таңдау өлшемдері;

5) тендер өткізілетін күн, уақыты мен орны;

6) тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдаудың мекен-жайы, мерзімдері;

7) тендерге қатысуды ресімдеу тәртібі туралы мәлімет;

8) тендерге қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;

9) тендерлік құжаттаманы алатын және тендер объектісімен танысатын мекен-жай, мерзімдері мен шарттары.

19. Тендерге қатысушыларды тіркеу тендер өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен басталады және тендер өткізілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.

20. Жалға беруші тендер өткізу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін Объектілер және тендер өткізу шарттары туралы ақпаратқа барлық ниет

білдірушілердің еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

21. Үміткер тендерге қатысу үшін Жалға беруші белгілеген мерзімдерде мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) үміткердің тендерге қатысуға келісімі және оның тендер шарттарын орындау мен мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасу жөніндегі міндеттемесі бар тендерге қатысуға өтінім;

2) желімделген конвертте тендердің шарттары бойынша ұсыныстар;

3) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары - жарғының, заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің, статистикалық карточканың нотариалдық куәландырылған көшірмелерін, сондай-ақ өкілдерінің өкілеттіктерін растайтын құжат;

4) шетелдік заңды тұлғалар орыс тілінде нотариалды расталған аудармасымен бірге құрылтайшылық құжаттарды ұсынады;

5) жеке тұлғалар - жеке басын куәландыратын құжат;

6) кепілдік жарнаның аударылғанын растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі;

7) бюджет алдында берешегі жоқ екендігі туралы мәлімет.

22. Тендерге қатысушылар тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімдер мен шарттарда Жалға берушінің депозиттік шотына кепілдік жарна енгізеді.

Кепілдік жарнаның мөлшері хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертілмейді. Жалға беруші кепілдік жарнаны алушы болып табылады.

23. Тендерге қатысу үшін кепілдік жарна Объектінің баланстық құнының 1-ден бастап 5 пайызға дейінгі мөлшерінде (Жалға берушінің ұйғарымы бойынша) белгіленеді.

24. Кепілдік жарна тендерге қатысушының мынадай міндеттемелерінің:

1) тендерде жеңген жағдайда тендердің нәтижелері туралы хаттамаға қол қоюдың;

2) тендер нәтижелері туралы хаттамаға сәйкес мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасудың қамтамасыз етілуі болып табылады.

25. Тендерде жеңген және мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасқан тендерге қатысушының кепілдік жарнасы мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатады.

26. Жалға беруші кепілдік жарнаны жеңімпазға тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасудан бас тартқан жағдайда қайтарылмайды.

Қалған барлық жағдайларда кепілді жарналар тендер аяқталған күннен бастап 10 банктік күннен кешіктірмей, ал егер Жалға берушінің шотына ақша тендер өткеннен кейін түссе, олар түскен күннен бастап 10 банктік күннен кешіктірмей

қ а й т а р ы л а д ы .

27. Тендерге қатысушы кепілдік жарнаның кез-келген сомасын енгізуге құқылы, бұл ретте бір кепілдік жарна бір Объектіге тендерге қатысу құқығын б е р е д і .

28. Өтінімдерді қабылдау және тендерге қатысуға ниет білдірген тұлғаларды тіркеу қажет етілетін құжаттардың толық жиынтығы болғанда жасалады.

29. Тендерге қатысушының:

1) тендерге өзі немесе тиісті түрде ресімделген сенімхаттың негізінде өзінің өкілдері арқылы қатысуға;

2) тендерге шығарылатын Объект бойынша қосымша мәліметтерді, нақтылауларды тегін алуға;

3) Объектіні алдын-ала қарауға;

4) оның құқықтары бұзылғанда сотқа жүгінуге;

5) бұл туралы Жалға берушіге жазбаша хабарлай отырып, тендердің басталуына дейін 24 сағат бұрын өз өтінімін шақыртып алуға құқығы бар.

30. Егер өтінімдерді қабылдау мерзімінің аяқталу сәтінде бір ғана өтінім тіркелген болса (үшінші және келесі тендерлерді қоспағанда), тендер өтпеді деп т а н ы л а д ы .

31. Тендер өтетін күні отырыста тендерлік комиссия тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конверттерді ашады және олардың ұсыныстарын жариялайды. Конверттерді ашу алдында комиссия олардың бүтіндігін тексереді, бұл тендер комиссиясы отырысының хаттамасында көрсетіледі .

Конверттерді ашу және ұсыныстарды жариялау кезінде тендерге қатысушылардың немесе олардың тиісті дәрежеде уәкілеттік берілген өкілдерінің қ а т ы с у ғ а құқықтары бар .

32. Тендерлік комиссия ұсынылып отырған ұсыныстардың тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексереді. Ұсынылып отырған ұсыныстар тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес болмаған жағдайда көрсетілген ұсыныстар одан әрі қарауға жатпайды және мұндай өтінім берген тұлға тендердің қатысушысы мәртебесін жоғалтады, бұл тендерлік комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

33. Тендерлік комиссия конверттерді ашып, ұсыныстарды жариялағаннан кейін ұсыныстарды талқылау және бағалау үшін кеңесуге кетеді.

Тендерге қатысушылар (олардың өкілдері) ұсыныстарды талқылау және бағалау кезінде қатысуға құқылы емес.

34. Тендерлік комиссияның шешімі қатысып отырған комиссия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады, дауыстар тең болған ретте тендерлік комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

35. Тендерлік комиссияның отырыстары, егер оларға тендерлік комиссия мүшелерінің 2/3-і қатысса, заңды болып табылады.

36. Тендер объектісін жалдау ақысының ең жоғары сомасын ұсынған және тендерлік құжаттамадағы барлық талаптарға жауап беретін тендердің қатысушысы тендер жеңімпазы деп танылады.

37. Тендерлік комиссияның тендер қорытындылары бойынша тендер жеңімпазын анықтайтын тұжырымы немесе өзге шешімі тендерлік комиссия мүшелері қол қоятын және Жалға беруші бекітетін хаттамамен ресімделеді.

Тендер жеңімпазын айқындайтын хаттамаға тендерді жеңіп алушы тұлға да қ о л қ о я д ы .

38. Тендер нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі тендердің жеңімпазына беріледі және оның мүліктік жалға (жалдауға) беру шартын жасасуға құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

39. Тендердің нәтижелері туралы хаттаманың негізінде тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда жеңімпазбен мүліктік жалға (жалдауға) б е р у ш а р т ы ж а с а л а д ы .

40. Жалдаушымен мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты тендер хаттамасына қол қойылған күннен немесе Жалға беруші Объектіні мақсатты пайдалану үшін мүліктік жалға (жалдауға) беру туралы шешім қабылдаған күннен 10 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жасалады, осыдан кейін балансұстаушы 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде Жалдаушыға Объектіні қабылдау-өткізу к е с і м і б о й ы н ш а б е р е д і .

Жалға беруші қабылдау-өткізу кесімін бекітеді.

41. Тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда тендер Объектісін мүліктік жалға беру шартын жасасудан жеңімпаз бас тартқан жағдайда, Жалға беруші басқа жеңімпазды тендерге қатысушылардың қалғандарының ішінен (егер қалғандарының саны кемінде екеу болса) анықтауға, немесе жаңадан тендер өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

42. Бір жылдан астам мерзімге жасалған мүліктік жалға (жалдауға) беру шарты мемлекеттік тіркелуге жатады.

43. Сәулет, тарих және мәдениет ескерткіштерін мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде мүліктік жалға беру шартына Объектіні сәулет, тарих және мәдениет ескерткіші ретінде сақтауға бағытталған ережелер қосымша қосылады.

44. Мерзімді немесе бір жолғы енгізілетін төлем сомасы барлық жалданатын мүлік үшін тұтастай немесе оның құрамдас бөлігінің әрбіреуі үшін бөлек белгіленеді, бұл мүліктік жалға беру (жалдау) шартында ескертіледі.

45. Мүліктік жалға (жалдауға) беру үшін төлемге коммуналдық қызмет көрсетулер үшін төлемдер, ағымдағы және күрделі жөндеуге аударымдар, Объектіге қызмет көрсетуге арналған төлемдер кіргізілмейді. Жалдаушы бұл

төлемдерді ведомстволық күзету, пайдалану, коммуналдық, санитарлық және басқа қызметтерге немесе балансұстаушыға тікелей төлейді.

46. Мүлікті пайдалану үшін жалдау ақысының ставкалары егер өзгесі мүліктік жалға (жалдауға) беру шартымен көзделмесе, жылына бір реттен жиі өзгертілмейді.

47. Жалдау ақысы облыстық бюджетке аударылады.

48. Егер Жалдаушы өз қаражаты есебінен және Жалға берушінің келісімімен Объект үшін зиянсыз ажырамайтын жақсартулар жасаса, шарт тоқтатылғаннан кейін, егер шартпен өзгесі көзделмесе, Жалға беруші осы жақсартулардың құнын тоқтыруға құқылы.

Егер өзгесі шартпен көзделмесе, Жалдаушы жүргізген Объектілерді ажыратып жақсартулар оның меншігі болып табылады.

Егер өзгесі заңнамалық кесімдермен немесе шартпен көзделмесе, Жалдаушы Жалға берушінің келісімінсіз жасаған ажырамайтын жақсартулардың құны өтелуге жатпайды.

49. Жалдаушыға Объектіні беруді Жалға беруші бекітетін қабылдау-беру кесім бойынша балансұстаушы жүзеге асырады.

50. Қабылдау-беру кесімі мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде үш данада жасалады, бір-бірден әрбір тараптар үшін және біреуі балансұстаушыға беріледі.

### **3. Дауларды шешу**

51. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген барлық мәселелер бойынша мүліктік жалға (жалдауға) беру шартының тараптары Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормалары басшылыққа алынады.

52. Объектіні мүліктік жалға (жалдауға) беру кезінде туындайтын даулар тараптардың өзара келісімі бойынша немесе сот тәртібінде қарастырылады.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2010 жылғы «14» қыркүйектегі

№ 558 қаулысына 2 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2010 жылғы «14» қыркүйектегі

№ 558 қаулысымен бекітілген

**Шығыс Қазақстан облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлкін, оның**



## **ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерін мүліктік жалға беру жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық Шығыс Қазақстан облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы мүлкін, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдылығын қолдануды нақтылайды.

2. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға беру:

1) облыс әкімдігі қаулысының жекелеген шешімдері негізінде жүзеге асырылатын облыстық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың стратегиялық маңызы бар объектілерін мүліктік жалға беру;

2) алаңы 100 шаршы метрге дейін үй-жайларды, теңгерімдік құны 150 есе ең төменгі есептік көрсеткіштен аспайтын жабдықты беру;

3) курстық сабақтар, конференциялар, семинарлар, концерттер және спорттық іс-шаралар өткізу үшін бір айдан аспайтын мерзімге үй-жайларды беру;

4) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ акцияларының (үлестерінің) елу және одан астам пайызы немесе акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалар өткізетін мүліктік жалға алу жөніндегі қызметтерді сатып алуға арналған конкурстарға қатысу жағдайларын қоспағанда, тендерлік негізде жүргізіледі.

3. Коммуналдық меншік объектілерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының есептік ставкалары аймақтық жағдайларды ескере отырып анықталады және « Шығыс Қазақстан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы » мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша облыстық коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті атқарушы орган бекітеді.

Егер де мемлекеттік коммуналдық меншіктің жеке объектілерін жалдау ақысының ставкасы мен мүліктік жалға беру келісім-шарттары Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілсе, онда Үкіметпен бекітілген Ереже қолданылады

4. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға беру кейіннен сатып алу құқығынсыз жүзеге асырылады.

5. Жалға алынған мүлікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу ақшамен жүргізіледі және:

1) облыстық коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың теңгеріміндегі объектілерді жалға беруден түскен төлем облыстық бюджетке;

2) облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі объектілерді жалға беруден түскен төлем кәсіпорын кірісіне аударылады және оны өздері дербес пайдаланады.

## **2. Объектілерді мүліктік жалға (жалдауға) беру шарттары**

6. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық жүргізуіндегі мүлкін, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға беру кезінде коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар жалға беруші болады.

7. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы мүлкін, оның ішінде жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін мүліктік жалға беру кезінде облыстық коммуналдық меншікті басқаруға уәкілеттік берілген атқарушы орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жалға беруші болады.

8. Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіндегі мүлкін үш жылға дейінгі мерзімге мүліктік жалға беру туралы шешімді кәсіпорын өз еркімен қабылдайды.

Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіндегі мүлікті үш жылдан астам мерзімге жалға беруді кәсіпорын мемлекеттік басқару органымен және уәкілетті органмен жазбаша келісілгеннен кейін жүзеге асыра алады.

9. Жалға беруші мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) мүлікті мүліктік жалға беру туралы және тендер өткізу туралы шешім қабылдайды;

2) тендер өткізілетін күн мен орнын, оның шарттарын, сондай-ақ тендер жеңімпазын таңдау өлшемдерін белгілейді;

3) тендерлік құжаттаманы бекітеді;

4) тендерлік комиссия құрады;

5) кепілдік жарналарды қабылдайды;

6) тендерлік комиссия отырыстарының хаттамаларын бекітеді;

7) тендер жеңімпазымен мүлікті жалға беру шартын жасасуды қамтамасыз етеді;

8) тендер аяқталғаннан кейін тендерге қатысушыларға, осы Нұсқаулықтың 33-тармағымен белгіленгеннен басқа жағдайларда, кепілдік жарналарын қайтарады.

10. Тендерлік комиссия тендерді ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді.

11. Тендерлік комиссия жалға берушінің, мемлекеттік басқару органы мен

уәкілетті органның өкілдерінен құралады. Тендерлік комиссияның құрамына сол сияқты өзге де мүдделі ұйымдардың өкілдері енгізілуі мүмкін. Жалға берушінің өкілі тендерлік комиссия төрағасы болып табылады.

12. Тендерлік комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) тендерді хабарлау үшін тендерлік құжаттамаларды және басқа да қажетті құжаттарды дайындайды;

2) тендерге қатысушыларды тендерлік құжаттамалармен және тендер объектісімен таныстыруды жүргізеді;

3) бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде тендердің өткізілуі туралы хабарлама жариялауды жүзеге асырады;

4) ұсынылған өтінімдерді қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді;

5) өтінімдерді қабылдау және тіркеу аяқталғаны туралы хаттама әзірлейді;

6) қажет болған жағдайда, тендерлік және басқа қажетті құжаттамаларды дайындау, өтінімдерді жинау және талдау бойынша жұмыстарды жүргізу жөніндегі мамандар мен сарапшыларды тартады;

7) тендерлік комиссия отырысының тендер қорытындылары бойынша тендер жеңімпазын анықтаған тұжырымы немесе өзге шешімі бар хаттамасын ресімдейді.

13. Тендерлік комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жәй көпшілік дауысымен қабылданады, дауыстар тең болған ретте тендерлік комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

14. Тендерлік комиссияның отырыстары, егер оларға тендерлік комиссия мүшелерінің 2/3-і қатысса, заңды болып табылады.

15. Тендер ұйымдастырушы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде тендер өткізуге дейін кемінде 15 күн бұрын тендер өткізу туралы хабарлама жариялайды.

16. Тендер өткізу туралы хабарламада:

1) жалға берушінің атауы;

2) мүліктік жалдың мерзімі және жалдау ақысының бастапқы ставкасының мөлшері (осы Нұқсаулықтың 3-тармағына сәйкес жалға беруші анықтаған есептік ставкасынан төмен болмауы тиіс);

3) тендердің шарттары және жеңімпазды таңдау өлшемдері;

4) тендер объектісінің қысқаша сипаттамасы;

5) тендерге қатысуды ресімдеу тәртібі туралы мәлімет;

6) тендерге қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі;

7) мүліктік жалға беру шартын жасасу мерзімі;

8) тендерлік құжаттаманы алатын және тендер объектісімен танысатын мекен-жай, мерзімдері мен шарттары;

9) тендер өткізілетін күн, уақыты және орны туралы мәліметтер;

10) өтінімдер қабылдау басталатын және аяқталатын күн мен уақыты болуы  
т и і с .

17. Тендерге қатысуға ниет білдірген тұлғаның тендер объектісін карауға, сондай-ақ тендер өткізу шарттары туралы ақпарат алуға құқылы.

18. Тендерге қатысуға ниет білдірген тұлға мынадай құжаттарды тендер комиссиясына ұсынады :

1) үміткердің тендерге қатысуға келісімі және оның тендер шарттарын орындау мен мүліктік жалға беру шартын жасасу жөніндегі міндеттемесі көрсетілген өтінімі ;

2) жарғының және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (заңды тұлғалар үшін) нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

3) кепілдік жарнасын аударғанын растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі ;

4) тендер шарттары жөнінде желімделген конвертке салынған өзінің ұсыныстары .

19. Өтінім тендерлік құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес дайындалуы тиіс. Өтінімдер қос конвертте қабылданады. Сыртқы конвертте:

1 ) өтінім ;

2) жарғының және мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (заңды тұлғалар үшін) нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

3) кепілдік жарнасын аударғанын растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі .

Ішкі конвертте үміткердің өзінің ұсыныстары болуы тиіс.

Өтінім беру кезінде ішкі конверт жабық әрі үміткер оған мөрленген болуы  
т и і с .

20. Тендерлік комиссия өтінімдерді қабылдау кезінде ішкі конверттегіні қоспағанда, қажетті құжаттардың түгелдігін тексереді. Егер құжаттар осы Нұсқаулықтың 18-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, тендерлік комиссия өтінімді қабылдау мен тіркеуден бас тартатыны туралы, бас тарту себебін көрсете отырып, сол күні үміткерге жазбаша хабарлайды.

21. Барлық қажетті құжаттар болған ретте тендерлік комиссия қабылдау күнін және сағатын көрсете отырып, өтінімді тіркеуге міндетті. Бұл кезде ішкі конверт ашылмайды .

22. Тендерге қатысуға ниет білдірген тұлға оның өтінімі тіркелгеннен кейін тендердің қатысушысына айналады .

23. Тендерге қатысушы тендерге шығарылған объекті бойынша қосымша мәліметтерді нақтылауды тегін алуға құқылы.

24. Өтінімдерді қабылдау мен тіркеу аяқталған күні тендер комиссиясы өтінімдер қабылдау мен тіркеудің аяқталғаны туралы хаттамаға қол қояды.

25. Егер өтінімдер қабылдау мерзімінің аяқталу сәтінде бір ғана өтінім тіркелген болса (үшінші және келесі тендерлерді қоспағанда), тендер өтпеді деп т а н ы л а д ы .

26. Тендер өтетін күні отырыста тендерлік комиссия тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конверттерді ашады және олардың ұсыныстарын жариялайды. Конверттерді ашу алдында комиссия олардың бүтіндігін тексереді, бұл тендер комиссиясы отырысының хаттамасында к ө р с е т і л е д і .

Конверттерді ашу және ұсыныстарды жариялау кезінде тендерге қатысушылардың немесе олардың тиісті дәрежеде уәкілеттік берілген өкілдерінің қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы қ т а р ы б а р .

27. Тендерлік комиссия ұсынылып отырған ұсыныстардың тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексереді. Егер ұсынылып отырған ұсыныстар тендерлік құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес болмаған жағдайда көрсетілген ұсыныстар одан әрі қарауға жатпайды және мұндай өтінім берген тұлға тендерге қатысушы мәртебесін жоғалтады, бұл тендерлік комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

28. Тендерлік комиссия конверттерді ашып, ұсыныстарды жариялағаннан кейін ұсыныстарды талқылау және бағалау үшін кеңесуге кетеді.

Тендерге қатысушылар (олардың өкілдері) ұсыныстарды талқылау және бағалау кезінде қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы л ы е м е с .

29. Тендер объектісін пайдалану үшін ең жоғары ақы ұсынған, тендердің басқа да шарттарын орындау жөнінде өзіне міндеттемелер алған және ұсыныстары тендерлік құжаттамадағы барлық талапқа жауап беретін тендердің қ а т ы с у с ы т е н д е р ж ең і м п а з ы д е п т а н ы л а д ы .

30. Тендерлік комиссияның тендер қорытындылары бойынша тендер жеңімпазын анықтайтын тұжырымы немесе өзге шешімі тендерлік комиссия мүшелері қол қоятын және жалға беруші бекітетін хаттамамен ресімделеді.

Тендер жеңімпазын айқындайтын хаттамаға тендерді жеңіп алушы тұлға да қ о л қ о я д ы .

31. Тендер нәтижелері туралы хаттама негізінде жеңімпаз тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда мүліктік жалға беру ш а р т ы н ж а с а с а д ы .

32. Тендер жеңімпазы енгізген кепілдік жарнасының сомасы мүліктік жалға беру туралы жасалған шарт бойынша тендер объектісін пайдаланғаны үшін ақы е с е б і н е ж а т қ ы з ы л а д ы .

33. Тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда тендер объектісін мүліктік жалға беру шартын жасасудан жеңімпаз бас тартқан жағдайда кепілдік жарна тендер жеңімпазына қайтарылмайды.

34. Тендер жеңімпазының ұсыныстарына жауап беретін шарттарда тендер объектісін мүліктік жалға беру шартын жасасудан жеңімпаз бас тартқан жағдайда, жалға беруші жеңімпазды тендерге қатысушылардың қалғандарының ішінен (егер қалғандарының саны кемінде екеу болса) анықтауға не жанадан тендер өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

35. Мүліктік жалға беру шартына тараптар тендер өткізу туралы хабарламада көрсетілген мерзімде қол қоюлары тиіс.

36. Сәулет, тарих және мәдениет ескерткіштерін мүліктік жалға беру кезінде мүліктік жалға беру шартына объектіні сәулет, тарих және мәдениет ескерткіші ретінде сақтауға бағытталған ережелер қосымша қосылады.

37. Шарт ол жасалған кездегі қолданыстағы заңнаға сәйкес жасалады және жасалатын мәміле Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін ерекшеліктерін көрсете алады.

### **3. Қорытынды ережелер**

38. Осы Нұсқаулықпен реттелмейтін мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

39. Объектіні мүліктік жалға беру кезінде туындайтын даулар тараптардың өзара келісімі бойынша немесе заңнамада белгіленген шарттарда қаралады.

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2010 жылғы «14» қыркүйектегі  
№ 558 қаулысына 3 қосымша

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2010 жылғы «14» қыркүйектегі  
№ 558 қаулысымен бекітілген

### **Шығыс Қазақстан мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін сенімді басқаруға беру жөніндегі нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық Шығыс Қазақстан мемлекеттік облыстық коммуналдық меншік объектілерін сенімді басқаруға беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдылығын қолдануды нақтылайды.

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:  
Сенімгерлік басқарушы Уәкілетті органмен сенімгерлік басқару шартын жасасқан жеке немесе заңды тұлға;  
Уәкілетті орган – мемлекеттік облыстық коммуналдық меншікті басқаруға

әкімдік уәкілдік берген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы  
о р г а н ;

Объект – мүлік кешені немесе облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын немесе мемлекеттік мекеменің мүлкі, акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакеті, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысу үлесі, сондай-ақ сенім білдірілген өзге мемлекеттік мүлік ;

2. Объектіні сенімді басқаруды тағайындаушы Уәкілетті орган болып табылады .

3. Объектіні сенімді басқару шарт бойынша мәміле негізінде туындайды ( тағайындалады ) .

Объектілерді заңды тұлғалардың жарғылық капиталын төлеуге мемлекеттің қатысуымен беруге дейін Объектілер кейін сатып алу құқығынсыз сенімді басқаруға берілуі мүмкін .

Объектілерді кейіннен сатып алу құқығынсыз сенімді басқаруға беру тендер өткізбей жүзеге асырылады .

4. Кейін сатып алу құқығымен немесе рентабельді емес мемлекеттік кәсіпорындарды оналту үшін Объектіні сенімді басқаруды құрған жағдайда тендерді өткізу міндетті болып табылады .

5. Объектіні сенімді басқаруға кейін сатып алу құқығымен немесе құқығынсыз беру туралы шешімді облыстық әкімдік не болмаса Уәкілетті орган қабылдайды .

Рентабельді емес облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар басқарушылардың сенімді басқаруына тендерлерді өткізудің мерзімдерін көрсете отырып, облыстық әкімдіктің шешімі бойынша беріледі .

Рентабельді емес кәсіпорындар тізбесін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органдары Уәкілетті органға енгізеді .

Басқарушылардың сенімді басқаруына берілетін объектілердің тізбесіне рентабельді емес облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарды қосудың негіздемесі мыналар болып табылады :

1) ағымдық, негізгі және негізгі емес қызметтің рентабельділігі көрсеткіштерінің үш жылдың ішінде төмендеуі және/немесе олардың жоспарланған мөлшерлерін қамтамасыз етпеуі ;

2) қатарынан үш жылдың ішінде таза табыс бойынша жоспарлы көрсеткіштерді орындамауы ;

3) үш жылдан астам мерзімі өткен кредиторлық берешек .

6. Объектіні сенімді басқарушы сатып алу шарттары Шартта анықталады . Шарт қандай мерзімде және қандай міндеттемелерді орындаған жағдайда Объект

сенімді басқарушының меншігіне ауысатынын көздеуі керек.

Сенімді басқарушыға Объектіні сатуға ол шартты тиісінше орындаған жағдайда ғана жол беріледі.

7. Уәкілетте орган сенімді басқаруды құру мақсатында:

1) тендерді ұйымдастырады (тендерлік комиссияның құрамы мен жұмыс регламентін бекітеді, тендерге қатысушыларды тіркейді, ақпараттық хабарларды жариялауды қамтамасыз етеді);

2) кепілді жарналар қабылдайды;

3) Объектіні бағалау жөнінде қызметтер көрсетуге шарттарды жасайды;

4) тендер өткізу барысын бақылауды жүзеге асырады;

5) тендерге қатысушылармен және бағалаушылармен тендерді өткізу рәсімдерімен байланысты есеп айырысуды жүзеге асырады;

6) сенімді басқарушымен шарт жасайды.

8. Жарғылық капиталдарындағы мемлекеттің акциялары және қатысу үлесі сенімді басқаруға беру Объектісі болып табылатын мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік емес заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары Уәкілетті органның сұрауы бойынша Объектіні сенімді басқаруға беруге дайындау үшін қажетті мәліметтерді ол белгілейтін мерзімдерде ұсынады.

9. Объектіні сенімді басқаруға беру және жеңімпазды анықтау шарттары сенімді басқарушының мыналарға қатысты міндеттемелері бола алады:

Объектіге инвестициялардың көлемдеріне, түрлеріне және мерзімдеріне; өндірістің көлемдеріне, шығарылатын өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің түрлері мен номенклатурасы;

белгілі тұтынушыларға өнімді жеткізу;

баға белгілеуге, оның ішінде бағалардың шекті деңгейі бойынша шектеулер;

табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу;

бар санын сақтап қалу немесе жаңа жұмыс орындарын құру;

өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін пайдалану;

Объектінің берешектерін белгіленген мерзімдерде өтеу;

Сенімді басқарушы Объектіні кейін сатып алуы;

мәмілелер жасау және/немесе белгілі уақыт кезеңі ішінде Объектіге қатысты белгілі қызметтерге тиым салу.

Рентабельді емес кәсіпорындарды сенімді басқаруға беру жөніндегі тендер жеңімпазын анықтаудың негізгі шарттары мыналар болып табылады:

кәсіпорын қызметінің негізгі түрін сақтау;

мыналарды:

табысты арттыру мақсатында қаржылық көрсеткіштерді жақсарту жөніндегі ұсыныстарды;

тиімді шаруашылық қызметі мақсатында өндіріс құрылымын, оның



техникалық-технологиялық негізін қайта құру жөніндегі ұсыныстарды;  
маркетингтік қызметті ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарды;  
біршама тиімді шарттарда қажетті қаржы қаражатын тарта отырып,  
кәсіпорынды қаржылық тұрақтандырудың (оңалтудың) қолданылатын тетіктері  
жөніндегі ұсыныстарды қамтитын кәсіпорынды қаржылық оңалту  
бағдарламасының болуы;  
бағдарламаның іске асырылу мерзімі.  
Мемлекеттік басқару органдары кәсіпорындар қызметінің ерекшелігін ескере  
отырып қосымша өлшемдерді ұсынуы мүмкін.

## **2. Тендерлік комиссия**

10. Тендерді ұйымдастыру және өткізу үшін Уәкілетті орган құрамында саны 5 адамнан кем болмайтын тендерлік комиссияны құрады. Тендерлік комиссияның төрағасы мен хатшысы Уәкілетті органның бұйрығымен тағайындалады және Уәкілетті органның өкілдері болып табылады. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды.

11. Тендерлік комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тәуелсіз бағалаушы анықтаған объектінің ағымдағы құнын бекітеді;
- 2) кепілді жарнаның мөлшерін анықтайды;
- 3) тендер шарттарын анықтайды;
- 4) тендер өткізеді;
- 5) тендер жеңімпазын хабарлайды.

12. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерді ұйымдастыру және өткізу үшін қажет құжаттарды дайындайды және тендерлік комиссияның хаттамасын ресімдейді.

## **3. Объектіні сенімді басқаруға беруге дайындау**

13. Объектіні сенімді басқаруға беруге дайындауды Уәкілетті орган жүзеге асырады.

14. Басқару органы Уәкілетті органға акциялары (үлестері) Объект болып табылатын заңды тұлғаның құрылтай құжаттарын, соңғы екі жыл ішіндегі қаржы-шаруашылық қызмет туралы толық ақпаратты, Объектіні кейін сатып алу құқығымен немесе құқығынсыз сенімді басқаруға беру жөніндегі шарттарды белгілеу туралы ұсынысты ұсынады.

15. Тендерді өткізуге дайындық кезінде Уәкілетті орган Объект туралы ақпаратты жинауды, бағалауды (Объектіні кейін сатып алу құқығымен сенімді басқаруға берген жағдайда), ақпараттық хабарды уақытылы жариялауды қамтамасыз етеді, тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдауды және тіркеуді,

жүргізеді, келіп түскен материалдарды тендерлік комиссияның қарауына жібереді.

16. Тендер өткізу туралы ақпараттық хабарлама мемлекеттік және орыс тілдерінде тендер өткізудің жарияланған күніне дейін 15 күнде мерзімді баспа басылымдарында жарияланады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) тендер шарттары және тендер жеңімпазын анықтау өлшемдері;
- 2) тендер объектісінің қысқаша сипаттамасы;
- 3) тендердің өткізілу күні, уақыты мен орны;
- 4) тендерге қатысуға өтінімі бар конвертті ұсынудың тәсілі, орны мен түпкі мерзімі және тендерге қатысуға өтінімдердің талап етілетін қолданылу мерзімі;
- 5) кепілдік жарнаның мөлшері және оларды енгізу үшін банк деректемелері (кепілдік жарнаның мөлшері ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертілмейді).

17. Тендерлік комиссия тендер шарттарын өзгерткен жағдайда барлық өзгерістер туралы хабарлама тендерді өткізгенге дейін 5 күн бұрын жариялануы тиіс.

Тендер шарттары өзгергендігі туралы хабарлама жарияланғанға дейін тендерге қатысуға өтінім берген және осыған байланысты тендерге қатысудан бас тартқан тұлғалар кепілдік жарнаны толық көлемде қайтаруды талап етуге құқылы.

18. Акциялары (үлестері) сенімді басқару объектісі болып табылатын әрбір заңды тұлға бойынша ақпараттық хабарлама жарияланғанға дейін Уәкілетті орган мына құжаттардың көшірмелерінен тұратын құжаттар пакетін дайындауы тиіс:

- 1) жарғы;
- 2) эмиссияны тіркеу туралы куәлік;
- 3) есепті кезең алдындағы жылға қосымшалары бар бухгалтерлік баланстар;
- 4) статистикалық карточка;
- 5) заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік;
- 6) мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғалардың тізілімінен үзінді.

Ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін Уәкілетті орган тендерге қатысушы болуға ықылас білдірген үміткерлерге Объект туралы ақпаратқа және осы Нұсқаулыққа қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

19. Тендерге қатысушылар тендерді өткізу туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімдерде кепілдік жарна салады. Кепілдік жарнаның мөлшері ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертіле алмайды. Кепілдік жарна қатысушы атынан кез-келген басқа жеке немесе заңды тұлғамен салына алады. Кепілдік жарнаны алушы Уәкілетті орган болып табылады.

20. Тендерге қатысу үшін кепілдік жарна әрбір Объект үшін жеке алғашқы баланстық құнының (объектіні кейін сатып алу құқығынсыз сенім білдірілген басқаруға берген жағдайда) 1-15 пайызы шегінде белгіленеді.

21. Кепілдік жарна қатысушының мына міндеттемелерін қамтамасыз ететін болып табылады:

- 1) жеңген жағдайда тендер нәтижелері туралы хаттамаға қол қою;
- 2) Уәкілетті органмен шарт жасасу.

22. Уәкілетті орган кепілдік жарнаны тендерге қатысушыларға осы Нұсқаулықтың 36 тармағынан басқа барлық жағдайларда тендер аяқталған күннен бастап 10 банктік күннен кешіктірмей, ал егер ақша Уәкілетті орган шотына тендер өткізілгеннен кейін түссе, онда олар түскен күннен бастап 10 банктік күн ішінде қайтарады.

23. Тендерге қатысушыларды тіркеу ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады.

24. Тендерге қатысушы есебінде тіркеу үшін мыналарды:

1) тендерге қатысушыны тендер жеңімпазы деп хабарлаған жағдайда оның жазбаша міндеттемесін білдіретін тендерге қатысуға өтінімді, ақпараттық хабарламада көрсетілген және тендерге қатысушының өзімен ұсынылған тендер ережелерінде шарт жасасу;

2) тендер шарттары бойынша жазбаша түрдегі тендермен шарттасылған құжаттаманы қоса беріп, басқа құжаттардан бөлек конвертте жапсырылған ұсыныстарды;

3) ықтимал тендерге қатысушының банк (банктер) алдында тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу күнінің алдындағы үш айдан артыққа бірінші басшы немесе қол қою құқығы бар тұлға және бас бухгалтер қол қойған, осы банктің (банктердің) мөрі бар мерзімі өткен берешектерінің жоқтығы туралы банктің (банктердің) анықтамасын. Егер, ықтимал қатысушы екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетел банкісінің клиенті болып табылған жағдайда, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады;

4) соңғы қаржы жылы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен міндетті аудитті өткізу белгіленген заңды тұлғалардың аудиторлық есебін;

5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

6) статистикалық карточканың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

7) ықтимал тендер қатысушысының біліктілігін растайтын біліктілігі туралы мәліметтер лицензия және/немесе патенттердің, куәліктердің, басқа да

құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесін қоса;

8) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесін. Шетел заңды тұлғалары құрылтай құжаттарын мемлекеттік және орыс тілдерінде нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады;

9) ықтимал тендерге қатысушының, төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайды қоспағанда, тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашу күнінің алдындағы үш айдан ұзаққа бірінші басшы немесе қол қою құқығы бар тұлға қол қойған, осы салық органының мөрі бар салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу және жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару жөніндегі мерзімі өтіп кеткен берешегінің жоқтығы туралы тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасын;

10) кепілдік жарнаны Уәкілетті органның депозит шотына аудару туралы төлем тапсырмасының және түбіртектің (жеке тұлға үшін) түпнұсқасын немесе көшірмесін;

11) ықтимал тендерге қатысушы өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхатты (сенімді тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда жарамды) ұсынуды қажет.

25. Жұмыс істеуге жарамды жеке тұлға болып табылатын ықтимал тендерге қатысушы осы Нұсқаулықтың 24-тармағының 1), 2), 10) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады, сондай-ақ:

1) қатысушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін;

2) тиісті мемлекеттік орган берген (шарт жасау үшін азаматтық құқық қабілетінің барын растау үшін) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін;

3) лицензияларының және/немесе патенттердің, куәліктердің, ықтимал тендерге қатысушының біліктілігін растайтын басқа құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері қоса берілген біліктілігі туралы мәліметті.

26. Өтінімдерді қабылдау және тендерге қатысуға үміт білдірген тұлғаларды тіркеу талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы бар кезде жүргізіледі.

27. Тендерге қатысушы:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асыруы тендер шарттары болып табылатын қызметтің сондай түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлға;

2) сенімді басқаруға шарт жасасу және оны орындау жөнінде тиісті міндеттемелерін орындамаған алдағы тендерлердің жеңімпазы бола алмайды.

28. Уәкілетті органның тендерге қатысушыларға қатысы бар ақпаратты тендерді дайындау және оны өткізудің бүкіл кезеңі ішінде, Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда, жариялауға

29. Ықтимал тендерге қатысушылардың құжаттары тіркеу журналына тіркелгеннен кейін сейфте сақталады. Тендерді өткізу күні тендерге қатысушылардың құжаттары тендерлік комиссияға беріледі.

#### 4. Тендерді өткізу

30. Тендерлік комиссия жеңімпазды анықтау өлшемдеріне сүйене отырып, тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конверттерін ашады және тендерге қатысушылардың ұсыныстарын қарайды.

31. Тендерлік комиссияның шешімі оның мүшелерінің жай дауыстың көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

32. Тендерлік комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған тендерлік комиссияның мүшелері, оның төрағасы, хатшысы және тендер жеңімпазы қол қояды. Тендерлік комиссияның мүшесі өзінің ерекше ойын жазбаша жазып, оны хаттамаға тіркеуге құқылы, ол туралы соңғысында белгі қойылады. Тендердің нәтижелеріне тендердің қатысушылары шағымдана алады.

33. Тендер нәтижелері туралы хаттама тендер жеңімпазы мен Уәкілетті органның тендер шарттары негізінде шарт жасау міндеттемелерін және тендер жеңімпазының ұсыныстарын бекітетін құжат болып табылады.

34. Тендер нәтижелерін тендер жеңімпазын хабарлаған күннен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде Уәкілетті орган бекітеді.

Уәкілетті орган жаңа тендерді хабарлауға, сондай-ақ тендерлік комиссияға тендер шарттарын мына жағдайларда өзгертуді ұсынуға құқылы:

- 1) тендерге қатысуға өтінімдер жоқ болса;
- 2) тендерлік комиссия жеңімпаздың жоқтығы туралы шешімді қабылдаса;
- 3) тендер жеңімпазы шартқа қол қоюдан бас тартса.

35. Тендер мына жағдайларда өтпеген болып танылады, егер:

1) қатысушылардың ұсыныстарын тендерлік комиссия тендер шарттарын қанағаттандырмайды немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейді деп таныса;

2) тіркелген қатысушылардың саны екеуден кем болса.

36. Тендердің жеңімпазы тендердің нәтижелері туралы хаттамаға немесе шартқа қол қоюдан жалтарса, өзі салған кепілдік жарнаны жоғалтады.

#### 5. Шарттың орындалуын бақылау

37. Шарт ережелерінің орындалуын бақылауды Уәкілетті орган жүзеге асырады.

38. Шарт тендер жеңімпазының тендерлік ұсыныстарына сәйкес шарттарды қ а р а с т ы р у к е р е к .

39. Бақылауды жүзеге асыру үшін Уәкілетті орган шарттың орындалуымен байланысты құжаттармен танысуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәуелсіз кеңесшілерді тарта отырып, Объектіні басқару тиімділігінің жыл сайынғы мониторингін жүргізуге құқылы.

40. Сенімді басқарушы Уәкілетті органға өзінің қызметтері туралы есепті шартта белгіленген мерзімде ұсынады. Уәкілетті органның талабы бойынша Сенімді басқарушының қызметі туралы есеп өзге жағдайларда да ұсынылуы тиіс.

41. Шарт ережелерінің орындалуын бақылау Сенімді басқарушының міндеттемелерін орындауы аяқталған мезгілге дейін жүргізіледі.

## **6. Қорытынды ережелер**

42. Осы Нұсқаулықта көзделген сенімді басқару қатынастарына Заңмен көзделген жағдайларды қоспағанда осындай қатынастарды, реттейтін азаматтық заңнаманың нормалары қолданылады.